



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

6. «ҚР мемлекеттік қызметшілерінің ар-намыс кодексі» Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 1 сәуірдегі N 1180 Жарлығы // Егемен Қазақстан 2011 жылғы 12 сәуірдегі № 141-144 (26546);

327

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ ЖАҒДАЙЫНДА ҚР ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТЫ ҚАЛЫПТАСУЫНЫҢ ЗАМАНАУИ ФАКТОРЛАРЫ

Чинчалинов Ерик Кинжибекович

e-liga11@mail.ru

Л.Н.Гумилёв ат. ЕҰУ 2 курс магистранты, Астана

Жаһандық экономикалық дағдарыс, интеграциялық үдерістерді жандандыру, нарық пен бәсекелестікті, инновациялар шегінің кеңістігін кеңейту, аймақтық кеңестердің халықаралық бағдарын күшейту экономикалық ынтымақтастық үшін жаңа жағдайлар қалыптастыруда. Халықаралық еңбек бөлінісіне елдің қатысуында Қазақстан жариялаған үдемелі индустрияландыру мен инновациялық даму курсы маңызды болып табылады. Осы жағдайларда, сыртқы экономикалық саясат факторларын бағалау және халықаралық экономикалық ынтымақтастық бағыты мен өлшемін таңдау үшін маңызды.

Қазіргі кезеңде мемлекеттің сыртқы экономикалық саясатының табыстылығы негізінен басқа елдермен сыртқы қарым-қатынастарының дамуы деңгейімен және халықаралық еңбек бөлінісіне қатысуы түрімен анықталады. Қазақстанның шет елдермен экономикалық ынтымақтастық саясаты қазіргі жағдайда сыртқы қарым-қатынастардың стратегиясы мен даму бағыты сынды бірқатар факторларға байланысты қалыптасады.

Жаһандық факторлар, халықаралық қауымдастық және әлемдік экономика, қазіргі уақытта саяси және әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастар өзгеру жағдайында. Саяси трансформацияның алғышарттары «қырғи-қабақ соғыстың» аяқталуы мен халықаралық қатынастардың биполярлық жүйесінің күйреюі болып табылады. Кеңес блогының ыдырағаннан бастап халықаралық қатынастар көпқырлы өзара қызметтестік арқылы қалыптаса бастады. Әлемдік экономиканың трансформациясы, нәтижесінде жаңа экономикалық технологияларға экономикалық даму институттарының және механизмдердің сәйкес келмеуіне алып келген жаһандық дағдарыс пен технологиялық «қоңыраулар» салдары.

Халықаралық қатынастардың жаңа жүйесі саяси және экономикалық белсенді БРҰҚО және Латын Америкасы елдерінің; ресурс артықшылығы және саяси құрылымында ерекшелігі бар елдер - ОПЕК елдері; экономикалық қалыптаспаған мемлекеттер; АҚШ бастаған дамыған елдер тобының ықпалы арқасында қалыптасуда [1].

Басым әлемдік тәртіптің салдары ретінде дамушы елдер тобының, атап айтқанда Ресей мен Қытайдың және кәсіподақтардың, аймақтық экономикалық топтардың жаһандық экономикалық дамуға және жаһандық басқару процесіне, жаһандық экономикалық дағдарыс жағдайында экономиканы нарықтық реттеу принциптерін қайта қарауға; нарықтық тетіктерге; мемлекет шекарасын кеңейтуге аса ықпал етуін атуға болады [2].

Жаһандық дағдарыстың басты сабағының бірі - халықаралық және өңірлік экономикалық ынтымақтастықты нығайту, жаңа нарықтарды ашу болып табылады және олар мынадай үрдістерде көрінеді: дамушы елдер тобының өсуі және дағдарыс кесірінен арылу қарқыны G8-ден G20-ға форматына дейін өсуінің негізгі себебі және осы елдердің жаһандық мәселелерді шешуге ықпал етуінің күшеюінің басты факторлары болып табылады. Қазақстан Республикасының Үкіметі дәйекті сыртқы экономикалық ынтымақтастықты кеңейту саясатын жүргізуде. 2020 жылға дейін Қазақстан Республикасының стратегиялық даму жоспары, Қазақстан – 2030 Стратегиясын жүзеге асырудың екінші кезеңі болып табылады. Келесі онжылдықта сыртқы қатынастарды кеңейту және мемлекеттік басқару тиімділігін

арттыру Қазақстанның ең маңызды стратегиялық мақсаттарының бірі. Осылайша, Қазақстан сыртқы қарым-қатынастарды кеңейтуі, әлемдік үрдістерге сай, бірыңғай еуразиялық кеңістікті құру мақсатында, қолданыстағы аймақтық интеграциялық топтар мен халықаралық бірлестіктер шеңберінде экономикалық ынтымақтастықты нығайтуы тиіс.

Қазақстанда стратегиялық экономикалық әріптестіктің негізгі перспективалық бағыттары, біздің ойымызша, аймақтық халықаралық одақтар жағдайындағы ынтымақтастық және әлемдік нарыққа интеграция болып табылады. Бірінші бағыт, екіжақты экономикалық ынтымақтастықты және халықаралық ұйымдар аясында ынтымақтастықты кеңейтумен байланысты. Екіншісі, ынтымақтастықты нығайту аясында халықаралық еңбек бөлінісіне қатысумен, қазірдің өзінде игерілген жаһандық және аймақтық нарықтар аясында жете ынтымақтастықпен, жаңа экономикалық нарықтардың ашылуымен байланысты. Бірінші бағытқа қатысты, ол, негізінен, экспорттың географиялық құрылымының кеңеюіне қатысты.

Біріншіден, сауда-экономикалық ынтымақтастық саласында көпжақты қарым-қатынаста дамиды. 2012 жылы сауда географиялық құрылымында Еуропа елдерінің 45,3%, жекелей алғанда Еуропалық валюта одағы елдерінің 34,6% басымдылығы сақталған. Еуропалық аймақ елдерінен кейін ТМД елдері 24,2% және Азия елдері 23,6% . Жеке елдер тұрғысынан алғанда төрт негізгі сауда әріптестерінің қатарына Ресей Федерациясы, тауар айналымның 18,2%-ы, Қытай 14,6%, Италия 11,5% және Франция 7,0% кіреді. Қазақстанның 2012 жылы жалпы тауар айналымындағы Кеден одағы мемлекеттері үлесі 18,8% -ды құрады.

Екіншіден, еліміз аймақтық және жаһандық экономикалық жағдайды қалыптастыратын шешімдер қабылдауға қатыса алатын халықаралық қатынастардың белсенді субъектісі болып келеді. Қазақстан - ҰҚШҰ мен ШЫҰ-ның белсенді мүшесі болып табылады, АӨСШК бастамашысы. Қазақстан Республикасы, Еуразиялық Кеден одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістік ЕурАзЭҚ құруға байланысты интеграциялық үдерістердің орталығында орналасқан, ТМД-ның барлық елдерімен, атап айтқанда, Орталық Азия елдерімен интеграция саясатын күшейтуді жалғастыруда.

Үшіншіден, халықаралық саяси және экономикалық одақтарға мүше болу Қазақстанның ортақ Еуразиялық экономикалық кеңістігінің экономикалық шекарасында ұлтүстілік органдарды құрмай, мысалы үшін, ЕО және АТЭС, «келісілген экономикалық мінез-құлық ережелерін» қалыптастыруға қатысу мүмкіндіктерін кеңейтеді.

Қазақстанның экономикалық әріптестікті кеңейтуінің екінші бағыты халықаралық еңбек бөлінісінде республиканың қатысуын анықтаумен, экономикалық шекараларын кеңейтумен және халықаралық экономикалық мамандандырылу перспективасын анықтаумен байланысты. Бұл бағытта, қаржы және мұнай - газ нарықтарында мәселелермен бірге, жаңа перспективалық әлемдік нарығы дамуына байланысты бірқатар проблемаларды шешу қажет. Біздің ойымызша, экономикалық әріптестіктің бұл аймағы стратегиялық, экономикалық құжаттарда жеткіліксіз көрініс табады. Экономикалық дағдарыстан кейінгі жағдайда инновациялық даму бағытында экономикалық қатынастарды қайта дамыту, әлемдік нарыққа интеграциялану және перспективалы жаңа нарықтарды дамыту, еліміздің қатысуы жүзеге асырылатын экономикалық саясаттың негізгі стратегиялық мақсаттары болуы керек. Сондықтан, бұл әлемдік нарықтағы интеграция ауқымын мемлекеттік бағалау үшін және қатысушыларға мемлекеттік қолдау көрсету үшін, жаңа инновациялық нарықты дамыту қажет.

Қазақстан соңғы он жыл ішінде экспорт және жалпы экономикалық саясатын анықтайтын жаһандық энергетикалық нарықтың белсенді қатысушысы болып табылады. Қазақстан экспортының тауарлық құрылымында республиканың жалпы экспортының 76,8%-ы минералды өнімдерге тиесілі, мұнай және газ конденсатына 63,1%-ы тиесілі. Энергетикалық нарықта, Қазақстанға Ресеймен бірлескен БЭК жаңғырту жобалар шеңберінде энергия тиімділігі саясатын жандандыру қажет. Қазақстан мен Ресейдің отын-энергетикалық кешені экономиканың басқа өнеркәсіп кешендерін инновацияландыру мен жаңғыртудың негізгі көзі болып табылады.

Алдағы уақытта жаңа аймақтарға капитал құю экономикалық үрдісті күшейтеді, ол

қаржы нарығының тең дамуы мен БЭК қаржы орталығы үшін жаңа мүмкіндіктер ашады. Бұл міндет Ресейде халықаралық қаржы орталығы мен ТМД және Орталық Азиядағы ислам банкингінің өңірлік орталығын құру идеясын жариялаған Қазақстан үшін өзекті болып калуда.

Импорттың тауарлық құрылымы Республикасының қолданыстағы тұтыну тауарларына 22,7%, аралық тұтыну тауарларына 40,9%, өнеркәсіптік тұтыну және инвестициялық тауарларына 35,2% сұранысты көрсетеді. Қазақстанның экономикалық құрылымын қайта құрылымдауға бағытталған ҮИИД бағдарламасының, негізгі экспорттық өнім жүгері, әсіресе азық-түлік нарығындағы жағдайды, өзгерту болып табылады.

Әлемдік азық-түлік нарығында негізгі секторларды бағалау бойынша, генетикалық түрлендірілген өнімдер мен органикалық секторларды мемлекеттік реттеу деңгейі, дәстүрлі секторға қарағанда жоғары болып табылады. Қазақстан Еуропалық нарық үшін органикалық өнімдер секторын дамытуда белгілі бір артықшылықтары бар. Қазақстан үшін нарықтың жаңа азық-түлік секторын дамыту үрдісінде экологиялық қауіпсіздікті және өз тұтынушылары мен азық-түліктің белгілі тобын пайдалану негізгі сауда әріптестерінің преференцияларына айналуы маңызды.

Жаңа технологиялар әлемдік нарығы қазіргі уақытта бірнеше негізгі бағыттар бойынша ұсынылған. Әлемде шамамен 50 ірі макротехнология бар деп саналады, шамамен оның 12 жетекші орынын Кеңес Одағы алатын. Әлемдік нарықтағы инновацияларды негізгі бағыттары арасында, сондай-ақ жаңа энергия көздері мен энергияны үнемдеу, табиғатты қорғау, экологиялық қауіпсіздікті дамыту жөніндегі ғылыми-зерттеулер талқыланады.

Озық технологиялар нарығына Қазақстанның қазіргі қатысуы әзірше тек шетел жетістіктерін пайдалануды көздейді, бірақ атом энергиясын пайдалануға байланысты бірнеше негізгі бағыттар бойынша технологияларды дамыту мен қолдану үшін әлеуеті, ғарыштық зерттеулері бар. БЭК және Орталық Азия кеңістігінде табиғи ресурстарды, энергия мен су ресурстарын және ауыл шаруашылығын дамытуға байланысты әр түрлі салаларда «жасыл» технологияларды дамыту мен қолдануға байланысты гео-экономикалық жобаларға Қазақстанның қатысуын арттыру қажет.

Осылайша, экономикалық саясатты қалыптастыру жаһандық экономикалық үрдістерге халықаралық экономикалық ынтымақтастық пен қазіргі экономикалық даму стратегиясының ықпалы арқылы жүзеге асырылады. Экономикалық ынтымақтастықтың бағыттары, нысандары мен мақсаттарын анықтау кезінде осы факторлар қарастырылуы тиіс.

Қазақстан үшін сыртқы саясаттың негізгі бағыттары аймақтық, халықаралық одақтарға, атап айтқанда, ЕурАзЭҚ, ТМД, БЭК және ШЫҰ және әлемдік нарықтағы дәйекті интеграцияларға, экономикалық шекараларды кеңейтуге, сыртқы сауданың географиялық құрылымын кеңейтуге байланысты. Ал екінші бағыты инновациялық экономиканың қазақстандық моделін құру үшін стратегиялық жоспарларда басым болуы тиіс.

Қазақстан жаһандық энергетикалық нарықтың қажеттіліктеріне негізделген экспорт шикізат бағытының қозғалысы мен инновациялық экономиканың критерийлерін қанағаттандыру үшін жаһандық және өңірлік технологиялық ағындармен айналысуға, сондай-ақ халықаралық еңбек бөлінісінде өз орнын анықтау үшін экономикалық әріптестік кеңістігін кеңейту керек.

Еуразиялық Одақ екі негізгі құжатқа негізделген: Кеден кодексі және Кеден одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістік туралы Бірыңғай Келісім. Кеден одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістіктің тұрақты ұлтүстілік реттеуші орган болып, 2012 жылдың 2 ақпанынан бастап өз жұмысын бастаған, Еуразиялық экономикалық комиссия табылады.

2010 жылы жүзеге асырыла бастаған табысты Беларусь, Қазақстан, Ресейдің Кеден одағы жайлы айтатын болсақ, көңіл бұрарлық негізгі сәт заңнаманы дамытуы, ортақ Кеден кодексін және ұлтаралық жоғары реттеуші орган, Еуразиялық экономикалық комиссиясын құруы болып табылады[3]. Алайда, Кеден одағының транзит ұйымдастырылуында және құрылымында елеулі проблемалары бар. Сондай-ақ, құқықтық мәселелерде де «ақтандақтар» көп болып қала бермек. Әрбір мүше елдің экономикалық интеграция үшін өз салдары мен

артықшылықтары бар екенін ескеру де қажет. Сондықтан, ең бастысы сарапшылар қауіптенердей, Ресей тарапының үстемдігіне жол бермеу керек. Бұл кейбір шешімдер Ресейдің мүддесіне қайшы болуы мүмкін және әрбір мүше ел, өзі келіспейтін кез-келген шешімнің күшін жоюды ұсынуға қабілетті екенін білдіреді. Сонымен қатар, сарапшыларды соңғы жылдардағы Ресей экономикасының құлдырауына алаңдатуда, өйткені Ресейдің территориясы Қазақстан және Беларусь аумағынан әлдеқайда көп, тиісінше Ресей экономикасының өлшемдері интеграциялық жоба көлеміне тікелей пропорционалды. Жоғарыда атап өтілген мәселелерге қоса, өңірде мамандар жетіспейді.

Қазақстанға қатысты Кеден Одағының артықшылықтары мен кемшіліктерінің кейбірін қарастырып көрейік. Біріншіден, азық-түлік, тоқыма, жиһаз өнеркәсібінде Ресейлік және Беларусьтық тауарлар жаппай ағыны, сөзсіз, қазақстандық өндірушілерге ыңғайсыз. Ресей мен Беларусь өндірушілерінде өндірістік қуаты қазақстандық өндірушілердікінен асатын аса қуатты кәсіпорындары бар. Сонымен қатар, қазақстандық тауарлар сапасы төмен болып табылады.

Мысалы, Красноярскіде ұсынылған қазақстандық шырын, стандарттау және метрология жөніндегі Красноярск орталығы (СМО) сарапшыларының шешіміне сәйкес сапасы нашар және зиянды деп табылды. Бірақ, Роспотребнадзор арқылы Ресейдің аумағында тыйым салынған украин кәмпиттері Roshen құрамынан улы заттардың табылғанын да ұмытпаған жөн[4]. Дегенмен, Қазақстан және Беларусь Roshen конфеттеріне импортқа тыйым салған жоқ. Мүмкін кейбір тауарларға тыйым салу қандай да бір саяси ойын және мемлекетке жасалатын «қысым» болып табылады немесе үш елдің тауар сапасын анықтау жүйесі үш түрлі.

Дүниежүзілік банктің деректері бойынша, Қазақстан шын мәнінде, сауда-саттықты әртараптандыруға кедергі жасайтын, Кеден Одағының жоғары сыртқы тарифтері салдарынан, 2011 жылы жан басына шаққандағы табысын жоғалтты. Сондай-ақ, КО кіруден тек пайдалы қазбаларды ірі экспорттаушылары ұтты деген ой қалыптасқан. Алайда, бұл Кеден Одағының есебі қысқа мерзім ішіндегі есеп болып табылатындығын да ескеруіміз керек және сарапшылар Кеден Одағы мен Біртұтас экономикалық кеңістіктің алдағы перспективасы қандай болатынын түсінуі үшін кем дегенде 2015 жылға дейін күту керек.

Кедендік Одақтың және экономикалық интеграцияның артықшылықтарын қарастырған кезде, Ресей және Беларусь нарығының бөлінуі ұлттық экономикаға оң әсер етіп жатқандығын ұмытпауымыз керек, өйткені осылардың салдарынан экономиканың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға тікелей ықпалы бар қазақстандық кәсіпкерліктің сапасы дамуда. Сонымен қатар, шет мемлекеттер компаниялары үшін «кедендік үштік» елдеріне өз тауарларын кедергісіз тасымалдау арқылы қазақстандық нарыққа кірудің перспективасы туып тұр.

Еуразиялық экономикалық одақтың саяси мәселелері туралы Батыс бұқаралық ақпарат құралдарының Ресей Президентінің империялық көңіл-күйі туралы жорамалдары мен айыптаулары әр түрлі түсінілуі мүмкін.

Батыс дереккөздерінің айтуы бойынша, АҚШ Еуразиялық экономикалық интеграция идеясын Ресей Федерациясының бұрынғы Кеңес Одағы елдерінің арасында Кеңес Одағының түріне сәйкес басымдылықты қалпына келтіру әрекеті ретінде қарастырады. Мысалы, А. Коухен өз мақаласында Еуразиялық Одақ өңірдің тұрақтылығына қауіп төндіруі және Шығыс Еуропа мен Орталық Азияның экономикалық және саяси бостандығын шектеуі мүмкін деген болжам жасайды [5]. Сонымен қатар, Еуразиялық Одақ (ЕАО), сондай-ақ көрші елдердің егемендігіне, тәуелсіздігіне және саяси бағытына әсер етуі мүмкін. Сондай-ақ, А.Коухен Еуразиялық Одақ көршілес қатысушы емес мемлекеттердің экономикасына зиян келтіруі мүмкін деп болжайды.

Алайда, Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Еуразия одағын қалыптастыру үшін «экономикалық прагматизм», «ерікті интеграция», «теңдік», «бір-бірімен ішкі істеріне араласпау және егемендікті құрметтеуге, шекаралардың мызғымастығына тиіспеуге» негізделген негізгі өлшемдер болуы тиіс деп атап көрсетеді.

Сонымен қатар, Халықаралық Істер жөніндегі Корольдік Институттың (Халықаралық Істер жөніндегі Корольдік Институт) материалдары бойынша Еуразиялық экономикалық комиссиясының мүшелері Еуразиялық экономикалық интеграцияны саяси, әскери және қауіпсіздік ұйымы болып табылмайтындығын анық атап көрсетті [6]. Сонымен қатар, басқару, адам құқықтарын қорғау проблемалары Еуразиялық экономикалық одақта талқыланды. Алайда, экономикалық интеграциясын әлсіретуі мүмкін құқықтық мәселелерді талқылау маңызды болып табылады, мысалы, Кедендік Одақтағы жылжымайтын мүлік құқықтарын қорғау мәселесі.

Дегенмен АҚШ-тың Ұлттық демократиялық қордың вице-төрағасы, экономист Джуди Шелтон өзінің сұхбатында кез келген бұрынғы кеңестік мемлекет өз елінің болашағы туралы ойлауы және тарихын есте сақтауы керек, мәжбүрлеуге қозғаушы күш болған Мәскеудің Кедендік Одақ туралы ұсынысын бүгін пайдалану - алдыңғы тәжірибеден қалған жаңғырық-деп мәлімдеді [7]. Өзге елдер Ресейдің құқықтық және саяси реформаларды заң үстемдігінсіз жеңілдетуді ұсынуы және әділдікті нығайту мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске баса назар аударуды талап етпеу фактісін ескеру керек деп есептейді.

Ресеймен одақ процесінде, экономикалық интеграция сөзсіз біздің еліміздің қиын қол жеткізген егемендігін жоғалтуына әкеледі деп сенетін кейбір қазақ саясаткер-ғалымдар мен ұлттық-патриоттарында күдік пен сенімсіздік және бар. Ресей мемлекетіне деген бұл сенімсіздік Империялық және кеңестік тарихында көптеген жылдар бойына Қазақстан үлесіне ауыр тиген қиындықтар салдары. Алайда, басқалары Еуразиялық одақ - бұл ортақ экономикасы, тарихы, тілі, мәдениеті, ділі негізінде бұрынғы Кеңес Одағының интеграциялануы болып табылады деп есептейді. Бүгінгі әлемде өңірлендіру және экономикалық интеграциядан алыс кете алмайсың, Ресей шынымен Қазақстанмен оң және ұзақ мерзімді ынтымақтастық орнататын болса, онда Еуразиялық экономикалық одақ жобасы - посткеңестік мемлекеттер интеграциясының мүлдем жаңа түрі екендігін, заң қол сұғылмауына негізделгенін және Мәскеудегі биліктің қысымы орын алмайтындығын дәлелдеуі қажет.

Бірақ таңқаларлық нәрсе, Ресейдің, сондай-ақ, Орталық Азия елдерімен одақ құру жөнінде күмәні бар. Мысалы, ресейлік либералдар Орталық Азия интеграциясы Ресейдің экономикалық жағдайын жақсартпайды, керісінше, болашағы жоқ деп санайды, олар керісінше Батыспен қарқынды ынтымақтастық құруға ұмтылу қажет деп есептейді. Сонымен қатар, кейбір сарапшылардың пікірінше, Еуразиялық одақ дамушы салаларынан шығатын қауіп-қатерлердің шиеленісуіне, Орталық Азиядағы тұрақсыздыққа алып келеді дейді [8]. Сонымен қатар, соңғы БҰҰ есептеріндегі мәліметтерге сәйкес, Ресей мигранттар үшін ең танымал елдердің арасында екінші орында [9]. У. Ергешбаевтың пікірі бойынша, ағымдағы сыртқы еңбек көші-қоны Орталық Азия елдері, атап айтқанда, Тәжікстан, Қырғызстан, Өзбекстан үшін тиімді болып табылады және олар бірыңғай экономикалық кеңістікке кірсе бұл осы елдердегі көптеген әлеуметтік-экономикалық проблемаларын шешуге мүмкіндік береді [10]. Оның айтуынша, еңбекші-мигранттар ағыны келіп жатқан елдер үшін теріс әсерінен көрі оң әсері басым, мысалы, арзан еңбек күші, демографиялық проблемаларды шешу.

Еуразиялық экономикалық кеңістіктің Қырғызстан Республикасы арқылы кеңеюі өте шынайы, өйткені Қырғызстан қосылуға ресми сұраныс жасаған болатын. Сондай-ақ, Тәжікстан қосылу үшін бастапқы дайындық жүргізіліп жатқан әлеуеттік интеграция қатысушысы болып табылады. Сонымен қатар, осы екі елдің Кеден одағы және Біртұтас экономикалық кеңістігі, Еуразиялық одақпен ортақ шекарасы бар Армения үшін тартымды болып табылады. Армения қазірдің өзінде Мәскеуге экономикалық тәуелді екені ешкімге құпия емес, ол да Еуразиялық одаққа қосылу ниетін жариялады. Өйткені, Ресей Арменияның энергия ресурстарын 80 пайызына тиесілі негізгі сауда әріптесі болып табылады. Алайда, Еуразиялық одаққа Әзірбайжанның кіруі екіталай, ол оның қазіргі уақытта көпвекторлы саясатын жүргізуіне және Армения екеуінің арасындағы қақтығыстарына байланысты. Украина мен Грузия Еуропалық Одаққа қосылу үшін нық бағыт алды. Оңтүстік Осетиядағы

2008 жылғы соғысқа байланысты Ресеймен тіпті бөлектелген дипломатиялық қарым-қатынастарды ұстанады. Оңтүстік Осетия (өзін тәуелсіз республика деп жариялаған) өз кезегінде, Еуразиялық одақты құптап отыр, бірақ Ресей мен бірнеше шағын аралдық - мемлекеттерді қосқанда, оны халықаралық қоғамдастықтың мойындамауы мәселе болып табылады. Оның қосылуы үшін кем дегенде Қазақстан және Беларусь оның тәуелсіздігін тануы қажет. Украина болса, 2003 жылы Қазақстан және Беларусь, Ресеймен бірге Бірыңғай экономикалық кеңістікті қалыптастыру ниетін жариялайтын тиісті келісімге қол қойған болатын, Украина бас тартты, бірақ Ресей кейінірек оған сауда соғыстары түрінде қысым көрсете бастады. Бейтарап Түркменстан және Өзбекстан Ресейден экономикалық және саяси құтылу саясатын жүргізіп отыр. Единая Россия партиясының ұйымдастыруымен Мәскеуде өткен дөңгелек үстелде саясаттанушы Дмитрий Орлов Еуразиялық одаққа мүше елдерді кеңейтуді ұсынды, ол тек посткеңестік елдер емес, сонымен қатар тарихи немесе мәдени Ресейге жақын елдерді кіргізуді де ұсынды, оның ойынша, мұндай мемлекеттерге Финляндия, Венгрия, Чехия, Болгария, Вьетнам, Моңғолия, Венесуэла мен Куба жатады.

Осылайша, Кеден одағы Беларусь - Қазақстан – Ресей сияқты үш мүше мемлекеттердің экономикалық интеграциясы болып табылады және Еуразиялық Одақ Кеден одағының жалғасы болады. Еуразиялық экономикалық одақтың толық көрінісі қатысушы елдердің ортақ техникалық регламенттерін, тарифтерін, еңбек және көші-қон заңнамасынын өзара үйлестіру болып табылады. Сонымен қатар, Еуразиялық экономикалық кеңістікке мүше елдердің ұлттық банктер мен несие мекемелері бірыңғай ақша-кредит, бірыңғай банк жүйесінің тетігі шеңберінде әрекет етеді және дамиды. Әрине, бұның барлығы жоспарлауды, дайындауды, жүзеге асыруды, мониторингті және жүйелеуді қажет етеді. Сапалы және тиімді өзгеру үшін өте көп уақыт қажет.

Бүгінгі таңда аймақтандыру процесі дүниежүзілік тенденцияға айналды. Мұны болдырмау мүмкін емес және экономикалық интеграциядан оқшаулану саясатын жүргізудің қажеті жоқ. Өйткені, өңірлік экономикалық кеңістікте табысты ынтымақтастықты жүргізу үшін саяси - экономикалық қауіпсіздікті нығайту қажет. Еуразиялық экономикалық одаққа деген сенімсіздік - халықтың салауатты реакциясы, біз өзіміздің ұзақ тарихымызды әрқашан есте сақтаймыз, Ресейде әлі де болса посткеңестік елдермен теңдік және мемлекеттің ішкі істеріне араласпау қағидаттары шарттарында ешқашан өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігі болмаған. Алайда, Еуразиялық экономикалық одақ посткеңестік елдердің тарихында жаңа бастамасы болса, Еуразиялық экономикалық одаққа қатысушы-елдерді жарқын, зор болашақ күтеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Казахстанский институт стратегических исследований при Президенте РК, «Интеграционные процессы в Евразийском пространстве и современный мир: Материалы международной научно-практической конференции», Алматы, 2012 год. – 234 с.
2. Chatham House, «Eurasian Economic Integration: Rhetoric and Reality: roundtable seminar», 18 July 2013
3. Евразийская Экономическая Комиссия (ЭЕК) от 14.09.2013, доступно на <http://www.eurasiancommission.org/ru/Pages/about.aspx>
4. Tengrinews: Украинский политолог узрел признаки возможного выхода Казахстана из ТС, доступно на <http://news.mail.ru/inworld/kazakhstan/economics/14509357/>
5. A. Cohen, «Russia's Eurasian Union Could Endanger the Neighborhood and U.S. Interests», The Heritage Foundation: Leadership for America, No.2804. - June 14, 2013
6. Chatham House, «Eurasian Economic Integration: Rhetoric and Reality: roundtable seminar», 18 July 2013
7. Интервью Джуди Шелтон, экономист и вице-председатель совета директоров американского Национального фонда демократии, доступно на <http://news.nur.kz/280170.html>
8. Геополитика: Евразийский план Владимира Путина, доступно

на <http://win.ru/geopolitika/1318846039>

9. Информационное агентство «Регнум», доступно на <http://regnum.ru/news/polit/1706497.html>

10. Эргешбаев У.Ж., Современная трудовая миграция населения стран Центральной Азии в Россию, 2009 год. Научные ведомости Белгородского государственного университета. Серия: История. Политология. Экономика. Информатика, Том 7, Номер выпуска 10-1-1.

СТРАТЕГИЯ ВЕДЕНИЯ МЕЖДУНАРОДНЫХ КОНФЛИКТОВ ДЛЯ СОСТОЯВШЕГОСЯ ГОСУДАРСТВА

Ясаков Александр Игоревич

yasakov-00@mail.ru

Магистрант 2 курса специальности политология Кемеровского государственного университета, Кемерово, Российская Федерация

Данная стратегия рассчитана для региональной, великой и сверхдержавы, они же являются субъектом данной стратеми. Объектом или полем компетентности данной работы является малое и несостоявшееся государство.

Цель работы - предложить эффективную стратегию для субъекта, имеющего международные интересы и имеющего волю защищать их, вплоть до военного вмешательства.

В эпоху "начала истории", активизации международных игроков и новых геополитических пространств и центров притяжения, когда новый международный порядок только устанавливается и новые правила международной игры еще до конца не определены. Уже точно наметилось то понимание, что старый тезис уже не работает - "Демократии друг с другом не воюют". Да можно и дальше утверждать, что они не воюют, выявлять параметры степени либеральности и демократичности того или иного общества того или иного государства и говорить, что те или иные субъекты международных отношений не совсем являются демократиями, так как не дотягивают до тех или иных критериев, но специалисты хорошо понимают смысл того выражения. Его смысл заключался в том, что после крушения двухполярной системы, а конкретней крушения Советского союза с его жестокой, деспотичной системой и идеологией желающей зла и гибели мирному и доброму демократичному миру, - установится мир на веки вечные, а так как мировая история пишется конфликтами, то на этом история закончится, так как демократии слишком добрые, благородные, отзывчивые, всегда готовые на безвозмездную и искреннюю помощь друг другу, и разумеется не будут друг с другом конкурировать, а тем более воевать. Однако "зло" повержено, в мире доминирует одна, либерально-демократическая идеология и международная система морали, и правила поведения строятся и исходят из нее, несмотря на фактический режим и другие особенности, того или иного государства, но международная конкуренция, не только не прекращается, но даже усиливается и по мере все более четкого проявления новых контуров и очертаний создающихся вариаций геополитических центров, конкуренция лишь обостряется и новые центры отнюдь не стремятся к тоталитарным и деспотичным политическим режимам.

Автор не рассуждает о причинах и особенностях современных конфликтов и международной конкуренции, он говорит о них как о фактах, реалиях современной международной жизни. При условиях доминирования либерально-демократической идеологии и современных реалиях международной конкуренции государство вынуждено защищать свои интересы, внутренние и международные, порой даже путем использования военной силы.

В данной работе описана ситуация, когда в малом или в несостоявшемся государстве вспыхнул внутренний вооруженный конфликт, и два или более внешних геополитических центра вступают в конкуренцию, друг с другом на ее территории с целью защиты своих